

FTAMP 14.25.07

Г.Г. ЖУСУПБЕКОВА¹, А.Ә. ЖҰМАДІЛ¹

¹Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
(Көкшетау, Қазақстан), uk.gulsara74@mail.ru; akbotazh19@mail.ru <https://doi.org/10.51889/2020-4.2077-6861.18>

СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІН ДАМУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада сөйлеу әрекетін дамыту арқылы бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қарастырылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселелерінің өзектілігі білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерде бірнеше рет қозғалады, онда өскелең ұрпақтың заман талабына сай, бәсекеге қабілетті тұлға болып тәрбиеленуінің маңыздылығы айқын көрсетілген. Шетелдік және отандық ғалымдардың идеялары мен көзқарастарын теориялық талдау негізінде автор функционалдық сауатты тұлға ұғымының құрылымындағы құрамдас компоненттерді анықтайды. Сонымен қатар, «сөйлеу қызметі» ұғымының анықтамасын кең мағынада ашылады. Сөйлеу қызметінің: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу түрлеріне сипаттама беріледі. Бастауыш мектептегі оқу үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда «Тіл және әдебиет» оқу саласы бойынша пәндерді оқытудың маңызы зор, бұл ретте білім берудің жанартылған мазмұны өтпелі тақырыптар арқылы танымдық қабілеттерін, өзін-өзі бағалауын, сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға, қоршаған ортаға бейімделуіне ықпал етеді.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық; коммуникативті дағдылар; интеллектуалды сөйлеу шеберлігі; сөйлеу әрекеті; тіл.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесі өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге, тез өзгеретін экономикалық, әлеуметтік және техникалық жағдайларда адами ресурстарды дайындауға бағытталған. Қазіргі уақытта білім беру парадигмасы ауысуда: жаңа білім беру тұжырымдамасы, нормативтік-құқықтық актілер, оқытудың заманауи педагогикалық технологиялары әзірленіп енгізілуде.

Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында елімізде үшінші жаңғыртуды жүзеге асыруды қамтамасыз ету міндеттерін белгілей отырып, сыни ойлауға және ақпаратты іздеуді өз бетінше жүргізуге қабілетті, функционалды сауатты өскелең ұрпақты қалыптастырудағы білім беру жүйесінің рөлін ерекше атап көрсетті. Тұлғаның функционалдық сауаттылығын қалыптастыру оқытудың бастапқы кезеңінде оқушылардың сөйлеу әрекетінің дамуымен тығыз байланысты, өйткені ол баланың

танымдық қабілеттері деңгейін анықтауда ерекше орын алады. Бірінші президент Н.Ә. Назарбаев халыққа Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз жоғары білімді ұлт болуымыз керек. Қазіргі әлемде қарапайым жаппай сауаттылық жеткіліксіз. Біздің азаматтарымыз ең озық жабдықтарда және ең заманауи өндірісте жұмыс істеу дағдыларын үнемі меңгеруге дайын болуы тиіс. Сондай-ақ, біздің балаларымыздың, тұтастай алғанда, өсіп келе жатқан ұрпақтың функционалдық сауаттылығына үлкен көңіл бөлу қажет» [1].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауында білім беру ұйымдары жастарға жалаң білім беріп қана қоймай алған білімдерін өмірдің түрлі жағдайларында пайдалана алуды үйретуі керек екендігін баса айтып, үкіметке оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың бес жылға

арналған Ұлттық шаралар жоспарын дайындау жөнінде нақты тапсырма берген еді.

Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі [2].

Зерттеу әдіснамасы. Психологиялық сөздікке сүйене келе функционалдық сауаттылық дегеніміз оқушылардың мектепте оқу кезінде қол жеткізуі мүмкін білімділік деңгейі және адамның өмірі мен қызметтің түрлі салаларында үйренген білім негізінде стандартты және стандартты емес өмірлік міндеттерді шешуге, яғни жеке тұлғаны әлеуметтендіруге қабілеттілігін болжайды [3].

А.Ж.Мурзалинова ана тілі мен басқа тілдерді қолданатын тұлғаны қалыптастырудың маңыздылығын атай келе, білім алушының коммуникативтік қызметінде құзыреттілік тәсілі негізінде, әлеуметтік тапсырысқа сәйкес тілдерді оқыту мақсатын қою қажеттілігін қарастырады. Мұның барлығы мектеп пәндерін оқытудың тұжырымдамалық негіздерін қайта қарастырумен, жаңартылған әдістеме мен технологиялық қамтамасыз етуді, қажетті педагогикалық жағдайлар мен ресурстарды жетілдірумен байланысты. А.Ж.Мурзалинованың пікірінше тіл тұлғасы мен тілдің құзыретті тасымалдаушысы арасындағы құнды айырмашылық, жеке тұлға құрылымы ерекше ұйымдастырылған болуына байланысты. Тұлғаның тіршілік әрекетінің үш аспектісінде көрініс табатын қасиеттері қарым-қатынас тәжірибесінде тілдік, сөйлеу, коммуникативтік және этномәдени құзыреттіліктің жүйелі және тұрақты көрінуін ынталандырады [4].

Профессор Т.А.Кульгильдинова бойынша тілдің негізгі функциялары коммуникативтік және когнитивтік функциялар болып табылады. Тілдің когнитивтік функциясы негізінде ойлау және таным құралы, шындық туралы жаңа білім алу,

сондай-ақ осы білімді өңдеу және білімді ұрпақтан ұрпаққа сақтау, жеткізу нысаны болу мүмкіндігі қарастырылған [5]

Л.М.Садику тұжырымдамасы бойынша тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу тілді оқытудың кез келген оқу процесінде маңызды рөл атқаратынын айтады. Бұл төрт шеберлікте – тілдің шыңдары бар және де олар өзара тығыз байланысқан. Мұғалім оқушылардың сөйлеу қызметін дамытуда жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін жағдай жасауы тиіс. Демек, оқушыларға мұғалімдер белгілеген стандарттарға сай болуға және коммуникативтік құзыреттілікті біртіндеп дамытуға көмектесуі қажет. Тыңдау және сөйлеу – өзара тығыз байланысты және нақты өмірлік жағдайларда бір мезгілде жұмыс істейтін екі дағды. Тыңдау мен сөйлеуді біріктіру тиімді ауызша қарым-қатынасқа жәрдемдесуге бағытталған деп есептейді. Ал, оқу және жазу – бұл тиімді жазбаша қатынас құралы [6].

Шетелдік ғалымдар Т.Уоллис, В.Э.Стариба және Г.Дж.Уолберг тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу қарым-қатынас дағдылары болып табылады, және де оқу бағдарламасының барлық пән салаларында маңызды деп санайды. Демек, сауаттылық оқу бағдарламасында орталық орын алуы тиіс [7].

Отандық зерттеуші С.Раевтың ойынша, сауатсыздық дерті адамға кішкентай кезінен бастап жұғады екен. Әсіресе, бүлдіршінді жазу мен оқуға баули бастаған 1-ден 3-сыныпқа дейінгі аралықта пайда болады, яғни үшінші сынып оқушысы ешқашан кітапханаға бармаса, оқулықтан басқа ешқандай кітап оқымаса тағы бір ертеңгі сауатсыздың дүниеге келгені.

Сондықтан, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен Әдебиеттік оқу пәнінің алатын орны ерекше. Осы ретте, жаңартылған білім бағдарламасы бойынша өтпелі тақырыптар арқылы оқушыларға беймәлім өмірді таныта отырып, танымдық қабілеттерін дамытып, өз-өзіне баға беруге, критикалық ойлау, қоршаған ортаға бейімделуге жағдай жасаймыз.

Қазіргі мектептің маңызды міндеттерінің бірі – функционалды сауатты адамдарды қалыптастыру. Функционалды сауатты тұлғаны құраушы:

1. Сөйлеу іскерліктері:

– зерттелген түрлердің ұсыныстарын құрастыру;

– сөйлеуде зерттелген синтаксистік құрылымдарды қолдана білу;

– бір мағыналы және көп мағыналы сөздерді ажырату;

– мәтінде синонимдерді, антонимдерді көру;

– берілген сөздерге синонимдер мен антонимдерді таңдау;

– сөзде олардың мәні мен лексикалық үйлесімділігін ескере отырып сөздерді қолдану.

2. Интеллектуалды-сөйлеу шеберлігі:

а) рецептивті (тыңдау, оқу білігі):

– оқудың әр түрлілігін пайдалану;

– мәтінді құрылымдық-мағыналық бөлімдерге бөлу;

– өз бетінше мәтінге сұрақтар қою; – мәтін авторымен диалог жүргізу;

– мәтін бойынша мұғалімнің сұрақтарына жауап беру;

– мәтінде ең бастысы белгілеу;

б) өнімді (сөйлей білу, жаза білу):

– мәтінді жоспарға сүйеніп толық қайта жазу;

– мәтін-баяндау және мәтін-сөйлесу стиліндегі сипаттау;

– оқу-ғылыми стильде мәтін-баяндау; – мәтінді жазу;

– мәтінді толық баяндау;

– мұғалімнің шартты белгілері бойынша мәтіндерді түзету.

3. Коммуникативтік дағдылар:

– мұғаліммен және құрдастарымен диалог жүргізуге;

– өз көзқарасын айтуға және дәлелдеуге үйрену;

– сұхбаттасушының дәлелдерін қабылдай алу;

– топта (жұпта) мәселені (сұрақ, тапсырма) талқылай білу.

Орфографиялық сауаттылық – бұл жалпы тіл мәдениетінің құрамдас бөлігі, ой мен өзара түсіністікті білдіру дәлдігінің кепілі,

оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту негізі.

Оқушылардың сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру – мұғалім мойнындағы ең қиын міндеттердің бірі. Бірақ бұл міндет функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру кезінде маңызды бағдарламалық қондырғы ретінде белгіленеді [8].

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу әрекетінің дамуы ойлаудың өзгеруіне байланысты. Бастауыш мектепте абстрактілі ойлауды қалыптастыру белсенді жүргізілуі қажет [9].

Сонымен қатар, оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастырудың бастапқы кезеңінде сөйлеу әрекетінің дамуымен тығыз байланысты, өйткені ол баланың танымдық қабілеттері деңгейін анықтауда ерекше орын алады.

Психологиялық сөздікте А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский редакциясымен [10, 475 б.], тіл – бұл адам қарым-қатынасының құралы, ойлау қызметі, тұлғаның өзін-өзі тануын білдіруі, ұрпақтан ұрпаққа беру және ақпаратты сақтау тәсілі ретінде қызмет ететін белгілер жүйесі. Сөйлеу дегеніміз – анық мағынасы бар, бір – бірімен байланысқан сөздермен сөйлемдердің ауызша немесе жазбаша түрде айтылатын нақтылы сөздер. Сөйлеу қызметі тұтас қызмет актісі түрінде (егер ол басқа қызмет түрлерімен іске асырылмайтын ерекше уәждемесі болса) немесе сөйлеу іс-әрекеттері түрінде әрекет етеді.

Л.С.Выготский бойынша сөйлеу қызметінің коммуникативтік идеясы бізді бастауыш мектеп балалар үшін мағыналы және мазмұнды, яғни айтылған ойды түсінумен және түсіндірумен қатар, бала ең алдымен тыңдауды, сөйлеуді, оқуды және жазуды үйренуі тиіс. «Сауатты» сөйлеу оны сауатты ұғынуды, яғни түсінуді тудырады [11, 18 б.].

Пікірталас пен нәтижелері. Сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін оқытудың негізгі міндеті – бұл сөзді тыңдау, алынған ақпаратты есте сақтау, естіген немесе оқыған мәтінді дұрыс айту, байланыстыра білу, негізгі сөздерді қолдана отырып, жоспар бойынша әңгіме құру, берілген сұрақтарға

толық жауап беру, баяндау және т.б. Бұл кезеңде коммуникативтік қабілеттердің дамуы, сондай-ақ сөйлеудің грамматикалық, лексикалық және фонетикалық жақтарының дамуын атап өткен жөн [12].

Оқу үрдісінде оқушыларға сөйлеу дағдыларын практикада сөйлеуге үйрету мүмкіндігін беру қажет. Оқушылардың ауызекі сөйлеуін жақсарту үшін мұғалімдер өз идеясын қалай дұрыс құру және таныстыру туралы түсінік беруі тиіс. Оқушы сөзінің презентациясы хронологиялық және тақырыптық түрде дәйекті болуы тиіс. Сөйлеуде проблеманы дұрыс қою, оның себептері мен шешу нәтижелері, сондай-ақ оны шешу процесінде ұқсастықтар мен айырмашылықтарды іздеу керек. Мұғалімдер оқушылардың сөздерін ресми емес келіссөздерге бейімдеуге көмек көрсете алады. Оқушыларға сөйлеу тақырыбын өз бетінше таңдауға мүмкіндік беру керек. Пікірталасқа қатысу оларға барлық проблемалық мәселелерді барлық жағынан талқылауға көмектеседі. Олар сұхбат алу және дау туғызатын жағдайларда қатысу мүмкіндігіне ие. Оқушылар жеке тәжірибесімен бөлісе алады. Бұл жағдайда жақсы әңгіме элементтеріне оқыту жүргізіледі. Дебаттар барысында оқушылар мәнерлеп сөйлеу дағдыларына, әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларына, сондай-ақ конструктивті сынға парапар қарым-қатынасқа үйренеді [13].

Сөйлеу іс-әрекетін психолінгвистика бойынша жетекші маман А.А.Леонтьев қандай да бір адамдық іс-әрекет кезінде қарым-қатынас жасау үшін тілді қолдану процесі ретінде анықтайды. А.А.Леонтьевтің пікірінше сөйлеу қызметі – бұл «классикалық» қызмет түрлеріне (танымдық, ойын, оқу) сәйкес келмейтін, қиындықпен немесе ойынмен салыстыруға болмайтын кейбір абстракция. Ол – жеке сөйлеу іс-әрекеттері түрінде –

еңбек, ойын, танымдық іс-әрекет актілерінің құрамына кіре отырып, барлық қызмет түрлеріне қызмет көрсетеді деп есептеді. Сондай-ақ, сөйлеу қызметіті негізінде адам итермелейтін мотив сөйлеуден басқа тәсілмен қанағаттанбаса ғана орын алады. Сөйлеу әрекеттері және тіпті жекелеген сөйлеу операциялары қызметтің басқа түрлеріне, бірінші кезекте – танымдық қызметке кіре алады. Осылайша, сөйлеу қызметін жүзеге асыру құралдарының бірі, сөйлеу (тілдік) процесі, адамның барлық іс-әрекеттерін қамтамасыз ететін сөйлеу (өндіріс) және сөйлеуді қабылдау (түсіну) процесі ретінде анықталады. Бұл сөздің барлық түрлеріне қатысты: ауызша (дыбыстық), жазбаша (оқу және жазу) және кинетикалық (яғни мимико-жестикультурлық) сөйлеу [15].

Сөйлеу қызметін сипаттай отырып, И.А.Зимняя қарым-қатынас процесінде адамның коммуникативтік-танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған тіл арқылы қалыптасқан және тұжырымдалған ой беру немесе қабылдаудың белсенді, мақсатты, дәлелді, пәндік (мазмұнды) процесі болып табылатынын көрсетеді [15].

Қорытынды келе, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игеріп қана қоймай, сонымен қатар, оқушылардың білімдері мен біліктерін өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей алуы және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсынуды және зерттеулер жүргізуді, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің түрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді үшін пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана: Елорда, 2006. – 48 б. [Электрондық ресурс]: URL: http://old.baq.kz/kk/news/mangilik_el/zholdau-2006-kazakstan-oz-damuindagi-zhana-serpilis-zhasau-karsaninda-75957 (өтінім берілген күні: 03.12.2019).

[2] Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012- 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. – Астана. – 2012 жылғы 25 маусым.

[3] Тайлакова Ш.Б. Функциональная грамотность как основа развития гармонической личности в современных условиях [Электрондық ресурс]: URL: <https://infourok.ru/statya-funkcionalnaya-gramotnost-kak-osnova-razvitiya-garmonicheskoy-lichnosti-v-sovremennih-usloviyah-2530529.html> (өтінім берілген күні: 03.12.2019).

[4] Мурзалинова А.Ж. Формирование функциональной грамотности учащихся при обучении русскому языку как неродному на старшей ступени школы общественно-гуманитарного направления: Дис. ... д-ра пед. наук: 13.00.02. – Алматы, 2003. – 383 с.

[5] Кульгильдинова Т.А. Научно-методические основы формирования когнитивно-коммуникативной компетенции на уроках русского языка в начальных классах (в школах с русским языком обучения): Дис. ... док. пед. наук: 13.00.02. – Алматы, 2010. – 372 с.

[6] Sadiku L.M. The Importance of Four Skills Reading, Speaking, Writing, Listening in a Lesson Hour. *European Journal of Language and Literature Studies*. – Vol.1. – Nr.1. – 2015. – P.29-31.

[7] Wallace T., Stariba W.E and Walberg H.J. Teaching, speaking, listening and writing. *International Academy of Education. Educational practices series* – 2014. – № 14. – P.8-19.

[8] Иванова Н.А. Функциональная грамотность [Электронный ресурс]: URL: <https://nsportal.ru/shkola/materialy-metodicheskikh-obedinenii/library/2019/10/29/funktsionalnaya-gramotnost> (өтінім берілген күні: 05.12.2019).

[9] Жусупбекова Г.Г. К вопросу об основных видах речевой деятельности учащихся // Актуальные научные исследования в современном мире: XXXII Международная научная конференция, 26-27 декабря – Переяславль-Хмельницкий, 2017. – Вып. 12(32). – Ч.3. – С.89-94.

[10] Психология. Словарь / под общ. ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Политиздат, 1990. – 494 с.

[11] Выготский Л.С. Собрание сочинений: в 6-ти томах. – Т.2.: Проблемы общей психологии / под ред. В.В.Давыдова. – М.: Педагогика, 1982. – 504 с.

[12] Ксенофонтова А.Н. Теоретические основы становления речевой деятельности школьников в образовательном процессе: Дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. – Оренбург, 2000. – 370 с.

[13] Жусупбекова Г.Г. Психолингвистические особенности развития речевой деятельности младших школьников // Педагогика и психология. – 2018. – № 1(34). – С.35-41 [Электронный ресурс]: URL: <http://www.kaznu.kz/ru/1066/page/> (өтінім берілген күні: 07.12.2019).

[14] Леонтьев А.А. От психологии чтения к психологии обучению чтению // Материалы 5-ой Международной научно-практической конференции. – 26-28.03.2001. – в 2-х частях. - Ч.1 / под ред. И.В. Усачевой. – М., 2002. – С.11-12.

[15] Зимняя И.А. Лингвopsихология речевой деятельности. – М.: Московский психолого-социальный институт. – Воронеж: НПО МОДЭК, 2001. – 432 б.

References

[1] Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti N.A.Nazarbaevtyн Kazakstan halkyna Zholdauy. – Astana: Elorda, 2006. – 48 б. [Elektronдық resurs]: URL: http://old.baq.kz/kk/news/mangilik_el/zholdau-2006-kazakstan-ozdamuindagi-zhana-serpilis-zhasau-karsaninda-75957 (otinim berilgen kuni: 03.12.2019).

[2] Mektep okushylarynyn funkcionaldyk sauattylygyn damytu zhonindegi 2012-2016 zhyldarga arналган ulttyk is-kimyl zhosparы. – Astana. – 2012 zhylygy 25 mausym.

[3] Tajlakova Sh.B. Funkcional'naya gramotnost' kak osnova razvitiya garmonicheskoy lichnosti v sovremennyh usloviyah [Elektronдық resurs]: URL: <https://infourok.ru/statya-funkcionalnaya-gramotnost-kak-osnova-razvitiya-garmonicheskoy-lichnosti-v-sovremennih-usloviyah-2530529.html> (otinim berilgen kuni: 03.12.2019).

[4] Murzalinova A.Zh. Formirovanie funkcion'al'noj gramotnosti uchashchihsya pri obuchenii russkomu yazyku kak nerodnomu na starshej stupeni shkoly obshchestvenno-gumanitarnogo napravleniya: Dis. ... d-ra ped.nauk: 13.00.02. – Almaty, 2003. – 383 s.

[5] Kul'gil'dinova T.A. Nauchno-metodicheskie osnovy formirovaniya kognitivno-kommunikativnoj kompetencii na urokah russkogo yazyka v nachal'nyh klassah (v shkolah s russkim yazykom obucheniya): Dis. ... dok. ped.nauk: 13.00.02. – Almaty, 2010. – 372 s.

- [6] Sadiku L.M. The Importance of Four Skills Reading, Speaking, Writing, Listening in a Lesson Hour. *European Journal of Language and Literature Studies*. – Vol.1. – Nr.1. – 2015. – P.29-31.
- [7] Wallace T., Stariba W.E and Walberg H.J. Teaching, speaking, listening and writing. *International Academy of Education. Educational practices series* – 2014. – № 14. – P.8-19.
- [8] Ivanova N.A. Funkcional'naya gramotnost' [Elektronnyj resurs]: URL: <https://nsportal.ru/shkola/materialy-metodicheskikh-obedinenii/library/2019/10/29/funksionalnaya-gramotnost> (otimim berilgen kuni: 05.12.2019).
- [9] Zhusupbekova G.G. K voprosu ob osnovnyh vidah rechevoj deyatel'nosti uchashchihsya // Aktual'nye nauchnye issledovaniya v sovremennom mire: XXXII Mezhdunarodnaya nauchnaya konferenciya, 26-27 dekabrya – Pereyasavl'-Hmel'nickij, 2017. – Vyp. 12(32). – Ch.3. – S.89-94.
- [10] Psihologiya. Slovar' / pod obshch. red. A.V.Petrovskogo, M.G.Yaroshevskogo. – 2-e izd., ispr. i dop. – M.: Politizdat, 1990. – 494 s.
- [11] Vygotskij L.S. *Sobranie sochinenij: v 6-ti tomah*. – T.2.: Problemy obshchej psihologii / pod red. V.V.Davydova. – M.: Pedagogika, 1982. – 504 s.
- [12] Ksenofontova A.N. Teoreticheskie osnovy stanovleniya rechevoj deyatel'nosti shkol'nikov v obrazovatel'nom processe: Dis. ... dok.ped.nauk: 13.00.01. – Orenburg, 2000. – 370 s.
- [13] Zhusupbekova G.G. Psiholingvisticheskie osobennosti razvitiya rechevoj deyatel'nosti mladshih shkol'nikov // *Pedagogika i psihologiya*. – 2018. – № 1(34). – S.35-41 [Elektronnyj resurs]: URL: <http://www.kaznpu.kz/ru/1066/page/> (otimim berilgen kuni: 07.12.2019).
- [14] Leont'ev A.A. Ot psihologii chteniya k psihologii obucheniya chteniyu // *Materialy 5-oj Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii*. – 26-28.03.2001. – v 2-h chastyah. – Ch.1 / pod red. I.V. Usachevoj. – M., 2002. – S.11-12.
- [15] Zimnyaya I.A. *Lingvopsihologiya rechevoj deyatel'nosti*. – M.: Moskovskij psihologo-social'nyj institut. – Voronezh: NPO MODEK, 2001. – 432 b.

**Формирование функциональной грамотности младшего школьника
через развитие речевой деятельности**

Г.Г.Жусупбекова¹ А.Ә.Жұмаділ¹

*¹Кокшетауский государственный университет имени Ш.Уалиханова
(Кокшетау, Казахстан)*

Аннотация

В статье рассматривается проблема формирования функциональной грамотности младшего школьника через развитие речевой деятельности. Актуальность вопроса формирования функциональной грамотности учащихся неоднократно затрагивается в нормативно-правовых актах в сфере образования, где четко обозначена ее значимость у подрастающего поколения в воспитании конкурентоспособной личности, отвечающей современным требованиям. На основе теоретического анализа идей и взглядов зарубежных и отечественных ученых, автор определяет составляющие компоненты в структуре понятия функционально грамотной личности. Раскрывает в широком смысле определение понятия «речевая деятельность». Кратко излагает сущность видов речевой деятельности: слушание, говорение, чтение и письмо. Отмечает, что огромное значение в формировании функциональной грамотной личности учащихся учебном процессе начальной школы имеет изучение предметов из учебной области «Язык и литература», при этом обновленное содержание образования, через сквозные темы, способствует развитию познавательных способностей, самооценки, критического мышления, адаптации к окружающей среде.

Ключевые слова: функциональная грамотность, коммуникативные навыки, интеллектуальные речевые навыки, речевая деятельность, язык.

**Formation of functional literacy of primary school students through
the development of speech activity**

G.Zhussupbekova¹ A.Zhumadil¹

¹*Sh.Ualikhanov Kokshetau State University*

(Kokshetau, Kazakhstan)

Abstract

The article considers the problem of the formation of functional literacy of a primary school student through the development of speech activity. The relevance of the issue of the formation of functional literacy of students is repeatedly touched upon in legal acts in the field of education, which clearly indicate its importance among the younger generation in the education of a competitive personality that meets modern requirements. Based on a theoretical analysis of the ideas and views of foreign and domestic scientists, the author determines the constituent components in the structure of the concept of a functionally competent person. It reveals in a broad sense the definition of the term “speech activity”. Summarizes the nature of the types of speech activity: listening, speaking, reading and writing. She notes that the study of subjects from the educational field “Language and Literature” is of great importance in the formation of the functional literate personality of students in the educational process of primary school, while the update educational content, through cross-cutting topics, contributes to the development of cognitive abilities, self-esteem, critical thinking, and adaptation to the environment.

Keywords: functional literacy, communication skills, intellectual speech skills, speech activity, language.

Редакцияға 07.07.2020 қабылданды.

FTAMP 14.07.03

¹*Г.БАЯЛИЕВА, ¹Т.Н.ЖУНДЫБАЕВА*

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

(Алматы, Қазақстан), turarkhan.2011@mail.ru

<https://doi.org/10.51889/2020-4.2077-6861.19>

**ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗДЕРІНІҢ ТИПТЕРІ, ФОРМАЛАРЫ
ЖӘНЕ ДИНАМИКАСЫ**

Аңдатпа

Мақалада қазіргі таңда жасөспірімдердің арасында белең алып келе жатқан девиантты мінез – құлықтың типтері, формалары, динамикасы қарастырылған. Сонымен қатар «Девиант» термині ғылымның қай салаларында кең таралғандығы, ауытқушылық туралы шетелдік зерттеушілердің тұжырымдамалық тәсілдерінің алуан түрлерін бірнеше жетекші теориялық бағыттарға, яғни: биологиялық, психологиялық және әлеуметтік ғылымдар деп топтастырып айтылған. Жасөспірімдерде кездесетін ауытқудың салалары, дейгейлеріне сипаттама берілген. Жасөспірімнің девиантты мінез-құлқын зерттеу оны халықтың басқа топтарынан бөліп және девиацияның өзіне ғана тән әлеуметтік көрсеткіштерін анықтауды талап етеді. Девиантты жасөспірімдердің сипаттамаларын анықтау кезінде осы жастағы ерекшеліктерді, сондай-ақ қоғамдағы девиацияның жоғары деңгейін тікелей анықтайтын және ұстап тұратын әлеуметтік өмірдің бірқатар жағдайларын ескеру қажет.

Түйін сөздер: девиант; девиантты мінез-құлық; жасөспірім; психология; әлеуметтану; ауытқушылық; әлеуметтік ауытқу; субъект.

Кіріспе. Кез-келген қоғамның өмірі малар мен мінез-құлық үлгілерінің болу-әлеуметтік бақылау мен басқарудың маңызды ымен сипатталады. Адамзат тарихында құралы болып табылатын әлеуметтік норм-қалыптасқан нормативті шарттарға сәйкес